

Оспанов Е. Т. Ф.ф.к.



Академиялық жазылым

4-дәріс

Оқылым және оның түрлері

1. Оқылым әрекеті және оның түрлері:

Танымдық оқылым;

Зерделік оқылым;

Ізденімдік оқылым;

Көрсетімдік оқылым.

2. Тақырыпқа байланысты әдебиеттерді оқу және жинақтау

Мәліметтер алынатын сайттар:

- scholar.google.com – мақалалар іздеу
- elsevier.com - мақалалар іздеу
- scimagojr.com – журнал рейтингісін білу
- ssrn.com – автор туралы мәлімет білу

Статистикалық мәліметтер іздеу:

knoema.ru

stat.gov.kz

Оқылым:

Оқылым - графикалық таңбалар арқылы қағаз бетіне түскен сөздер мен тіркестердің мағынасы мен мазмұнын ой мен сананың нәтижесінде қабылдай отырып, одан қажетті деректі түсініп, сұрыптап алу.

Оқылым, біріншіден, ой мен мидың жұмысына байланысты болса, екіншіден, жазылған графикалық таңбалардың тізбегін танып білуге қатысты. Үшіншіден, мұнда осы таңбалардың ішкі мән-мағынасын дұрыс түсінудің ролі зор. Осындай ерекшеліктер іске асқан жағдайда ғана оқылған материалдан керек ақпараттар жинақталып алынып, оқушырманның қажетіне жарайды.

Оқылым және оның түрлері

Танымдық оқылым дегеніміз – оқырманның кез келген қызықты, танымдық мәні бар мақала, кітап, пікір, газет-журнал т.б. материалды оқып-түсіну. Танымдық оқуда арнайы ізденушілік, сол материалды зерттейін деген мақсат бола бермейді.

Оқылым және оның түрлері

Зерделік оқылым - материалды, не тексті басынан аяғына дейін толық түсініп оқу. Текстің барлық мазмұнын тәптіштеп біліп, ондағы информацияның бірде бірін ескерусіз қалдыруға болмайды. Сонымен бірге үйренуші шығармаға, яғни текске анализ жасай отырып, ондағы әрбір единицаны талдайды. Сөйтіп бүкіл материалды жан-жақты зерттейді.

Кей ретте зерделік оқылым арнайы жасалған схема, таблица, сурет, жоспар, көрнекіліктермен қатар жүргізіледі.

Қажетіне қарай текстің /шығарманың/ кейбір тұстары қайта оқытылып, сөйлемдерге айрықша назар аударылады немесе олар арнайы белгілермен ажыратылып, дауыстап айтылады.

Оқылым және оның түрлері

Көрсетімдік оқылым - берілген материалды жүйеліп қарап шығып, оның не туралы екенін қысқаша анықтап беру, оның тақырыбын айқындау, ең басты мәнін, ерекшелігін танып көрсету.

Мұнда оқырман барлық материалды ежіктеп оқымаса да, оның тарауларын, абзацтарын, ережелерін, тұжырымдарын жеке-жеке қарап шығып, оларға қатысты негізгі ойды көрсетеді, тақырып қояды.

Оқылым және оның түрлері

Ізденімдік оқылым - берілген материалдың /текст, шығарма, кітап т.б./ ішінен автор өзіне керекті фактіні, хабарды, сілтемені, көрсеткішті т.б. іздеп тауып, пайдалана білу. Біріншіден, мұндай оқу жылдамдықты қалайды, екіншіден, көлемді текстен әркім өз қажетін таңдап алуға мүмкін болатын тапқырлықты қажетсінеді.

Ізденімдік оқылымда оқырман кітап пен тұтас материалды түгел оқып не қарап жатпайды, тек өзіне керектісін мазмұннан, жоспардан, схемадан т.б. іздестіріп, тауып алады және нені іздеп табу керектігін алдын ала біледі.

Бұл тақырып бойынша студенттер мыналарды меңгереді:

- жекелеген оқылым қабілетінің жоғары немесе төмен екендігін;
- Академиялық бағытта жазылған мәтіндерді оқуда сыни ойлауға;
- оқылым әрекетінің жылдамдығын арттыру мен жан-жақтылығын дамытуға.

Оқылымның мақсаты:

- Әр түрлі мәтіндерге байланысты оқылым түрлерін қолдана білу;
- Мәттінің негізгі тұжырымдарын түсіну мен жазу.

Оқылым:

- Жоғары білім алу үшін арнайы мамандықтарға байланысты әдебиеттерді терең және ауқымды түрде оқуды талап етеді.
- Жаңа сөздер мен ұғымдар кездеседі.
- Мамандыққа қатысты тақырыптар әр түрлі стильмен және құрылыммен жазылуы мүмкін.
- Осы кезге дейін қолданып келген оқылым әрекетінізді арнайы пәндерді меңгеру

Сыни оқылым:

- Оқу студенттердің жеке жауапкершілігі болып табылады.
- Дәрісті тыңдау және пән бойынша оқуға берген әдебиеттерден басқа да көптеген материалдарды оқуға тура келеді.
- Оқылым әрекетін дамыту қажетті шаттардың бірі.

Сыни оқылым:

- ‘...сіздің не оқығаныңыз немесе қаншалықты көп оқығаныңыз емес, сіздің қалай оқығаныңыз оқылым қабілетіңізге үлкен әсерін тигізеді’ (Boddington and Clanchy 1999, p. 1).
- Сіздің қалай оқығаныңыз материалдарды түсінуге әсерін тигізсе, оларды түсінуіңіз тақырыбыңызға байланысты пікірлерді өз жазба жұмысыңызда қолдануға септігін тигізеді.

СЫНИ ОҚЫЛЫМ:

Сыни оқылым оқыған материалыңыздың құндылығын бағалауға жетелейді (Boddington & Clanchy 1999).

Сіз ақпаратты алып *қолдана салушы* болудың орнына, ақпаратты *ойлап табушыға* айналасыз.

Сіз оқып отырған әдебиеттегі пікірлерді мұқият сараптап, ондағы ақпарат өз жазба жұмысыңызға қажет пе деген сұрақты өз-өзіңізден үнемі сұрап отыруыңыз керек.

Сыни ойлау:

Сыни ойлау барысында оқып отырған мәтін мен оның авторына қоса қарастыру қажет. Ол үшін мына сұрақтарға жауап беріңіз:

- Мәлімет нақты ма? Оны қалай білдіңіз?
- Мәтінді кім жазған? Автор осы саланың маманы ма?
- Автор қандайда бір тұжырымға сізді сендіргісі келеді ме?
- Ондағы аргумент кең немесе шағын мәселеге бағыттылған ба?

- Сұрақтар:
 - Аргументті дәлелдеу үшін қандай дәйектер келтірген?
 - Аргументте не берілмеген?
 - Бұған қарсы қандай пікірлер болуы мүмкін?
 - Автордың ұстанымымен келісесіз бе немесе келіспейсіз бе?
 - Бұл туралы пікіріңіз қандай?
 - Бұл тақырып бойынша басқа авторлар не айтқан?
 - Бұл мәтін осы тақырып бойынша қандай да бір жаңалық айтқан ба?
 - Бұл материал сіздің жұмысыңызға қажет пе?

Тиімді оқу:

- Академиялық бағыттағы мәтінді тиімді оқу үшін мынадай төрт элементті өзара тығыз байланыста қарау қажет (Boddington & Clanchy 1999):
 - мазмұны
 - мақсаты
 - мәтін
 - стратегиясы.

Оқылым мақсатын анықтау:

- Мәтінді оқымас бұрын өз мақсатыңызды анықтап алуыңыз қажет.
- Егер сіз зерттеу бақытында жазба жұмысын жазып жатсаңыз, түсініктеме, сыни пікірге дәлел немесе өз тақырыбыңыздың талқыланбаған жайттарын қарастырып жатырсыз ба?
- **Өз оқылым мақсатыңызға сенімді болу үшін:**
 - Ауызша және жазбаша дәрістерге мұқият назар аударуыңыз керек
 - Жазба жұмысының талабын түсініп алғаныңызға сенімді болу қажет

80/20 қағидасы

- Piscitelli (2004) '80/20 қағидасын ұсынған'.
- Сіздің 80% білуге тиіс біліміңіз 20% материалдың ішінде.
- Демек, сіз материалдың 80% ғана оқып шығуыңыз қажет және қажетті деген 20% ғана мұқият оқуыңыз қажет.
- Бұл сізге оқуға кететін уақытыңызды үнемдеуге көмектеседі.
- Сіздің оқу мақсатыңыз мәтінді қаншалықты мұқият оқып шығу қажет екеніңізді айқындайды.

Оқылым мақсатын қайта айқындау

- Зерттеу сұрағына жауап беру барысында сіздің мақсатыңыз өзгеруі мүмкін:
 - Сіз тапсырманы алғанда
 - Тапсырма сұрағына жауап беру барысында
 - Өз идеяңыз өзгергенде
 - Тақырыпты қайта түсінуіңізге байланысты жаңа ой келгенде
- Voddington (1999) бұл үрдісті «мақсатты қайта айқындау» деп түсіндіреді (р. 10).

Мәтін

Мәтін мындай түрде болуы мүмкін:

- кітап
- оқулық
- Газет мақаласы
- Журнал мақаласы
- баяндама
- Онлайн құжат
- кесте, сурет, сызбалар
- Тіпті комедия!

Мәтін және жанр

- Бір жанрдағы материалдардың құрылымы ұқсас болады.
- Мәтіннің жанрын анықтау сіздің жұмысыңызға қажетті ақпаратты тез оқып табуыңызға көмектеседі.
- Сіз мыналарды анықтауға қабілетті болуыңыз қажет:
 - Университетте оқитын материалдардың түрлерін
 - және оларда болатын ақпараттарды .

Оқылым стратегиясы

- Оқу жылдамдығы
- Негізгі сөздер мен тіркестерге шолу жасау
- Параграфтарға шолу жасау
- Оқу әдістерін қолдану:
 - Зерттеу
 - Сұрақ қою
 - Оқу
 - Дауыстап оқу
 - Қайталау

Оқылым әдісі

- Мәтінде оқымас бұрын зерттеп алыңыз:
 - тақырыбын, тақырыпшаларын
 - Сурет, сызба, кесте астындағы сөздерді.
 - Кіріспе мен қорытындыны
 - түйіндемені.

Оқылым әдісі:

- Зерттеу барысындағы СҰРАҚТАР:
 - Тақырыпты сауалға айналдырыңыз.
 - Егер оқулық болса, бөлім соңындағы сұрақтарды оқыңыз.
 - Өзіңізден ‘Мен бұл сала туралы осы кезге дейін не білемін?’ деген сұрақты сұраңыз
 - Өзіңізден ‘Бұл тақырып туралы дәрісте не айтылды?’ деген сұрақты сұраңыз

Оқылым әдісі

- Сіз ОҚУДЫ бастаған кезде:
 - Асты сызылған, қарамен жазылған немсе курсивпен жазылған сөздерге мән беріңіз.
 - Мәтіннің қиын бөліктерін ақырын оқыңыз (тек үнемі ақырын оқымаңыз).
 - Түсініксіз сөздерді түсіну үшін түсіндірме сөздіктерді қолданыңыз. ӘР БІР СӨЗДІ тексермеңіз.
 - Жалпы мақынасын түсінуге тырысыңыз.
 - Оқудағы сұрағыңыздың жауабына қараңыз.

Оқылым әдісі

- Әрбір бөлімнен соң ДАУЫСТАП:
 - Қазір ғана не оқығаныңызды дауыстап сұраңыз.
 - Әрбір бөлімге бір сөйлеммен қорытынды жазыңыз.
 - Қажетті сөздердің астын сызып қойыңыз.
 - Қажетті сөздеге түртпе жасаңыз (немесе басқа қағазға толық сілтемесін көсете отырып жазып алыңыз).

Оқылым әдісі

- Оқығыныңызды қайталау:
 - Мақаланы немесе бөлімді толық оқып болған соң қысқаша қорытынды жазыңыз. Бұл қорытындыны мәтінмен бірге сақтаңыз.
 - Мақаланы оқуды ешқашан ауызша және жазбаша қысқаша түсінгеніңізді қайталамайынша аяқтамаңыз. Егер емтиханға дайындалсаңыз оқулықтарды қайта оқып шығыңыз (шпор жасау жақсы көмектеседі).

Параграф арқылы оқу

- Параграф арқылы оқу амалы (Clanchy and Ballard 1997):
 - **1:** Негізгі сөздерге қараңыздар (тақырыбына).
 - **2:** бірінші бөлімін толық оқып шығыңыз.
 - **3:** әрбір бөлімдегі негізгі пікірлерді табыңыз.
 - **4:** әрбір параграфтың бірінші сөйлемін оқыңыз.

Оқылым кеңестері:

- Мәтінді жылдам және түсініп оқу жанрына байланысты.
- Оқылым стратегиясын жетілдіріңіз.
- Әрбір сөзді басынан бастап қайталап оқи бермеңіз.
- Тақырыпты оқып ол туралы өзіңіз бұған дейін не білетініңізді сұраңыз.
- Алдымен мәтінге көз жүгіртіп шығыңыз.
- Кіріспесі мен қорытындысын оқып шығыңыз.

5-практикалық сабақтың сұрағы

- Сілтеменің берілу түрлері (Гарвард және т.б. стильдер)
- Компьютерлік бағдарламалар
- (Mendeley, EndNote)
- Ғылыми мақалалардан мысалдар ала отырып, олардың қандай сілтеме түрімен жасалғандығын анықтау.

5-студенттің өзіндік жұмысы

- Ғылыми тақырыптарына байланысты материалдарды жинақтау. Оның ішінен тақырыбына қажетті пікірлер мен идеяларды табу, оларды қорытындылау немесе парафрейз жасау арқылы өз еңбектеріне қолдану.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- Оразбаева Фаузия Шамсиевна. Тіл әлемі [Текст]: мақалалар, зерттеулер.- Алматы: Ан-Арыс, [278 б] 2009.- 368 б.
- Короткина И. Б. Возможности использования зарубежного опыта развития академических языковых навыков в российском образовании // Вестник Московского государственного областного педагогического университета. – 2009. – № 4. – С. 81-84.
- Чеканова А. Э. Обучение написанию аналитической статьи на английском языке как средство развития словесно-логического мышления студентов // Педагогическое образование в России. – 2011. – № 1. – С 176-183.
- Oshima, A. and Hogue A. Writing Academic English (The Longman Academic Writing Series, Level 4) 2005, Pearson PTR Interactive
- Sowton, C. 50 Steps to Improving Your Academic Writing Study Book Imprint: Garnet Education, 2012.